



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

обучение во всех контекстах: от формального до неформального, и на всех уровнях: от дошкольного и начального образования до высшего и профессионального и образования взрослых, безусловно со стремлением обеспечения преемственности обучения на различных уровнях системы образования, определяются приоритеты образования с учетом стратегии обучения на протяжении всей жизни [8, с. 188]. На основании этого Европейская комиссия предложила следующие направления для реализации сотрудничества в области образования и подготовки ЕС на период до 2020 г.:

- сделать обучение на протяжении всей жизни и мобильность обучающихся реальностью;
- улучшить качество и эффективность обучения и его результатов; • продвигать равенство и активное гражданство;
- способствовать инновациям и креативности, включая предпринимательскую инициативу на всех уровнях образования и подготовки [9].

Таким образом, в новом осмыслении «преемственность» рассматривается как реальный феномен и методологический принцип гуманистически ориентированного образования, которое на новом витке истории приобретает новые смыслы и интерпретацию – не только «использование опыта прошлого», но многообразие отношений «прошлое – настоящее – будущее», где основной акцент ставится на диалогичности этих отношений и, главное, – на усилении роли диалога опытов внутри современности как между сообществами людей, так и между отдельными людьми. Преемственность выступает как методологический принцип в педагогической деятельности: по отношению к способам отбора научного содержания (прежде всего – социокультурного) и его взаимодействия с новыми знаниями; к способам осуществления образовательного взаимодействия с опытом культурно – историческим («диалог с историей»), современным («диалог культур»), с прогностическим («диалог с будущим»). Кроме того, такая преемственность имеет большое значение и в организации и в проектировании инновационных образовательных учреждений.

#### **Список литературы:**

1. Быкасова Л.В. Преемственность в современном педагогическом образовании /ж. Педагогика вчера, сегодня, завтра. 2018. Том. 1. № 1. 12–23 с.
2. Усембаева А.Х. Современная интерпретация просветительской деятельности И.Алтынсарина в контексте духовной модернизации казахстанского общества. Непрерывное образование Республики Казахстан в контексте современных вызовов к образовательной системе»: Материалы международной научно – практической конференции, посвященной 180–летию Ы.Алтынсарина, 19 февраля 2021 года. II Книга. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2021. 582 с. 548 с.
3. Есаулова Б.М. Принцип преемственности в высшем профессиональном педагогическом образовании // Известия РГПУ им. А.И.Герцена. 2005. №12. 224 с.
4. Сманцер А.П. Теория и практика реализации преемственности в обучении школьников и студентов [Электронный ресурс] / А.П.Сманцер. Минск : БГУ, 2011. 289 с. 3 с.
5. Ахиезер А.С., Шуровский М.А. От диалога к диалогизации (в свете концепции В. Библера) // Вопросы философии. 2005. № 3. 62, 66 с.
6. Есаулова Б.М. Принцип преемственности в высшем профессиональном педагогическом образовании // Известия РГПУ им. А.И.Герцена. 2005. №12. 230 с.
7. Вульфсон, Б.Л. Стратегия развития образования на Западе на пороге XXI века / Б.Л.Вульфсон. М., 1999. 243 с. 185 с.
8. Borrás, S. The Open method of coordination and new governance patterns in the EU / S.Borrás, K.Jacobsson // Journal of European Communities. 2004. Vol. 11(2). P. 185–208. с. 188 с.
9. Communication from the Commission to the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee and the Committee of the Regions: An updated strategic framework for European cooperation in education and training. (2008)

ӨОЖ 374.6

#### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ – МӘҢГІЛІК ӨНЕГЕ**

*Хакимова Гульжан Естаевна  
Қостанай жоғары медициналық колледжі  
директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: Gulzhan\_8181@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі: Мақалада ұлттың рухани – экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп – жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты екені сөз етілген. Мақсаты: Ыбырай шығармаларынан қазіргі таңда да өзектілігін еш жоғалтпаған өнер – білім, тәлім – тәрбие, жамандық пен жақсылық, өтірік пен айлакерлік немесе адамгершілік пен мейірімділік сияқты кез – келген мәселелерді табу.*

**Түйінді сөздер:** өмірдерек, білім, ағартушылық, оқулық, шығармашылық, әңгімелер.

#### Аннотация

*Актуальность:* В статье представлена молодое поколение должно быть образованным, вдумчивым и находчивым. Было отмечено, что духовное, экономическое и социальное развитие нации напрямую связано с содержанием и значением образования, отношением к нему. *Цель:* Найдите в произведениях Авраама любые вопросы, такие как искусство, образование, зло и добро, ложь и обман, нравственность и доброта, которые актуальны и сегодня.

**Ключевые слова:** биография, образование, просвещение, учебник, творчество, рассказы.

#### Abstract

*Relevance:* The younger generation must be educated, thoughtful and resourceful. It was noted that the spiritual, economic and social development of the nation is directly related to the content and importance of education, the attitude to it. *Goal:* Find in the works of Abraham any issues, such as art, education, evil and good, lies and deceit, or morality and kindness, which are still relevant today.

**Key words:** biography, education, enlightenment, textbook, creativity, stories.

Атақты ғұлама Әбу Насыр әл – Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» – деген сөзі бәрімізді қатты ойландыру керек. Ұлттың рухани – экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп – жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты. Ал жеке тұлға мен қоғам құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде өзекті мәселе болып келгені мәлім. Олай дейтініміз, осы рухани – адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ғұламалар, ұлы ағартушы – педагог Ыбырай Алтынсарин өз еңбегінде құнды ой – пікірлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Көптеген тарихи құбылыстар хақында, әсіресе елінің мүддесін қорғаған, жеріне қамал тіршілік кешіп, өлшеусіз іс тындырған ардақты тұлғалардың өмірбаяны, шығармашылығы туралы қазіргі кезеңде көптеген тың деректер жарық көруде. Солардың бірі қазақ халқының патриот ұлы, демократ ұстаз, халық ағартушысы Ыбырай Алтынсарин жайында жазылған деректер. Ы.Алтынсариннің әлеуметтік – саяси тұлғасының қалыптасуы мен қоғамдық қызметі қазақ тарихының күрделі кезеңімен байланысып жатыр. Қазақ халқы патшалық Ресей мемлекетінің саяси ықпалына түсіп, елде капитализмге өту кезеңі басталып, соған сай ел ішінде оқу – білім, мәдениет және саяси – экономикалық елеулі қозғалыстар басталған еді. Осы бағытта Ы.Алтынсарин да қазақ халқын сауаттандыру жолында елеулі қызметтер атқарды. [1, б. 3]. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы жаңа күнтізбе бойынша 2–ші қарашада Ресей империясының Николаевск уезінің Торғай облысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан жерінің Қостанай ауданында өмірге келген. Әкесінен ерте айырылып, атасы Балқожа бидің тәрбиесін алған. Атасы оны 9 жасында Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан 1850 жылы қазақ балалары үшін ашылған орыс мектебіне оқуға береді. 1857 жылы осы мектепті Ыбырай Алтынсарин алтын медальмен аяқтайды. 1889 жылы Торғай облысында орыс – қазақ училищелерінің инспекторы қызметін атқарушы Ыбырай 48 жасында өмірден өтеді.

Қазан университетінің профессоры, ориенталист Н.И.Ильминский өз естеліктерінде: «Григорьев Балғожаны аса құрметтеп, жоғары бағалайтын, ал Ыбырай Балғожаның немересі болғандықтан ғана емес, өзінің жеке басының қасиеттерімен, сондай – ақ дарындылығымен генералдың сүйіспеншілігіне бөленген еді», – деп еске алады [2, б. 34]. Өзі де өлең шығарып, сөздің майын тамызған Балғожа атасы Ыбырайды бала кезінен – ақ сөз өнеріне баулып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жаттатып өсірген. Сыншылдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеп, нені болса да жасырмай, бетке айту керектігін үйреткен. «Көре – көре көсем болады, сөйлей – сөйлей шешен болады» демекші, атасының тәлім – тәрбиесінде өскен Ыбырай да осы жүйрік, тапқыр да айтқыш, өнерпаз болып, сол жолды дәріптейтін шығармаларды келешек ұрпаққа аманат еткенін шығармаларынан байқай аламыз [2, б. 95]. Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлесапалық қағидаларымен тұжырымдап отырды. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс – тәсілдері оқушыларды ортамен қарым – қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.

Ыбырай шығармаларынан қазіргі таңда да өзектілігін еш жоғалтпаған өнер – білім, тәлім – тәрбие, жамандық пен жақсылық, өтірік пен айлакерлік немесе адамгершілік пен мейірімділік сияқты кез – келген мәселелерді табуға болады. Солардың ішінде өнер – білім тақырыбында жазылған шығармаларының негізгі түйіні әлі де құнды болып отыр. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер – білім, техниканы игеруге шақырады («Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, іздемей – ақ табылар»). Автор оқу – білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады («Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас»). Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ

үшін қажет екенін талдап көрсетеді («Ата – енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Ол өнер – білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап – тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер – білімді батыл игеруге шақырады («Адамды құдай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді»). Ыбырай сондай – ақ Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды [3]. Ы.Алтынсарин: «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде малдың бір жұттық екені, ал оқыған адамның байлығы ешқашан жоғалып – жұтамайтыны, киім де, тамақ та, өнер – білім де оқумен табылатыны, қартайғанда да білім сүйеніш болатыны айтылады. Ақынның бұл өлеңді жазудағы негізгі басты мақсаты – балаларға өнер – білімнің пайдасын түсіндіріп жеткізу. Педагог – ақын сол мақсатының үрдісінен шыққан. «Балғажа бидің баласына жазған хаты» өлеңінде «Оқымасаң ата – анаңды асырай алмай, надан болып, қолыңа құрық алып мал соңында жүресің» дегенді ескертеді. Осы сияқты «Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз», «Өсиет өлеңдерде» де ақыл – нақыл, үгіт – насихат, тілек мол жинақталған. Оқу – ағарту ісі қашанда кезек күттірмейтін мәселе екенін Ыбырай жастай ұғынып, өзі де сол ағартушылық бағытты ұстанып, балаларға өнеге, білім беру үшін шығармаларды солардың ұғымына лайықтап жазған. Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым – білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай «Өнер – білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету. Ы.Алтынсарин қазақ балаларының қолөнер, бау – бақша, егіншілік пен тігіншілік сияқты тұрмыстық салаларды жетік меңгеруіне де мән берген. Соған орай Ильминскийге хат жазып, одан іскер оқытушылар жіберуін өтініп: «Қолөнерін, бау – бақша, огород істерін, мал шаруашылығын және егіншілік кәсібін үйретуге арналған практикалық жеңіл оқу құралы жоқ па?» – деп те сұраған. Сондай – ақ М.Дулатов 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Өнер мектебі» мақаласында да Ыбырайдың 1883 жылы Торғайда өнер мектебін ашқаны, онда қазақ балаларына арналған 25 қазыналық орын бар екендігі, бастауыш дәрежелі орысша оқытатын бұл мектепте тігіншілік, ағаш шебері және ұсталық өнері үйретілетіні туралы жазған [2, б. 110–111].

Ыбырайдың өнер – білім бағытындағы ауқымды жұмысының бірі – «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі. «Қазақ хрестоматиясы» тек сол кезең үшін ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор туынды. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбексүйгіштік, оқуға, өнерге ұмтылу, елін – жерін қадірлеу, талаптылық, қайрат пен ерік – жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, жалпылай айтқанда, адамгершілік ұғымына тән тағы басқа жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы – «бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі мақсат: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбекқор өмірге икiмдiлiгiн; екiншiсiнiң шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсіндіру. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат – мұратыңа жетерсің – дей келіп осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім берудегі еңбекке баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды. Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілiрек болады деген пікір ұсынады. Халықтың Ыбырай тәрiздi адал ұлдары алған бiлiмдерiн өз елiн мәдениетке жетелеуге, оқу – ағарту iсiн өркендетуге жұмсады. Ақын, бiр жағынан, жастарды оқуға, бiлiм алуға шақырса, екiншi жағынан, өмiрдiң бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқуөнер, ғылым – бiлiмге, оның жалпы халық үшiн керектiлiгiне еш мән бермейтiн ескi көзқарас соққы бердi. Өмiрдегi сарқылмайтын мол байлық бiлiм екендiгiн айта келiп бiлiмге адамның қолы жету үшiн ерiнбей оқу, қажымай еңбек ету керектiгiн түсiндiрдi. Естi бала мен ессiз баланы қарама – қарсы қойып, жастарға кiмнен үлгi алып, кiмнен безу керектiгiн көрсеттi. Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершiлiкке, махаббат – достыққа, еңбекке, жiгерлiкке, тапқырлыққа, халқын сүюшiлiкке шақырды [4].

Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқу – білімге, өнерге шақыруы, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік өмірдегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы болып саналса, сонымен бірге қазақтың қазіргі проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушылардың бірі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиелеумен байланыста, бірімен – бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтық ұлы тұлғасын көруге болады. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми–зерттеу еңбегінде

педагог – жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын – жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деп баға береді [4].

Қорытындылай, қазіргі жас буын жан – жақты терең білімді, саяси – экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол. Жалпы Ыбырайдың бұл ой – мақсаттары қазір де еш маңызын жоғалтқан жоқ, тіпті бүгінгі заманның көкейкесті мәселесіне айналып, елімізде бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауда өз қажеттілігі көрсетіп отыр. Өйткені қай дамыған елдің өсу жолына көз жіберіп қарасақ та жастардың білімін кәсіби деңгейде жоғары даярлау – ілгері басудың, тұрақты дамудың алғы шарттарының бірі екендігін байқаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. А, 1975 ж..
2. Оспанұлы С., Алтынсарин әлемі. Қостанай: Центр ЖШС, 2018 ж. 294 б.
3. [http://zhalagash – kitap.kz/ar – turli/10 – ar – turli/22 – ybyrai.html](http://zhalagash-kitap.kz/ar-turli/10-ar-turli/22-ybyrai.html)
4. М. Ә. Мұстафина // Ы. Алтынсариннің шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы.

file:///C:/Users/User/Downloads/1365 – 1 – 2635 – 1 – 10 – 20151016.pdf

ӨОЖ 37.034

### ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРБИЕ – БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ

*Шағатаева Сания Мержакуповна  
Макенова Баржаксы Нурлыбековна  
Сакаева Дарина Есенгельдиновна  
бастауыш сынып мұғалімдері  
Ғ. Қайырбеков атындағы №9  
жалпы білім беретін мектебі  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: b\_saniya\_m@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Спандияр Көбейұлы – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы. Өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы насихаттаған. Сол бағытта Спандияр Абай мен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайық дамытты.*

**Түйінді сөздер:** білім, заманауи, ағартушылық, идея, инновация.

#### Аннотация

*Спандияр Кубеев следуя примеру своего учителя Ибрая Алтынсарина, он пропагандировал идею просвещения через педагогическую деятельность. В том же направлении Спандияр продолжил и заслуженно развил демократическую, просветительскую идею в казахской литературе, основанную Абаем и его учителем Ибраем Алтынсариним.*

**Ключевые слова:** образование, современность, просвещение, идея, инновации.

#### Abstract

*Spandiyar Kubeev is a teacher – writer of the style of Ibray Altynsarin. He took the path of his teacher as an example and promoted the idea of enlightenment through his pedagogical activity. In the same direction, Spandiyar continued and developed the Democratic, educational idea of Kazakh literature, which was founded by Abai and his teacher Ibray Altynsarin, worthy of a new situation.*

**Key words:** education, modernity, Enlightenment, idea, innovation.

Спандияр Көбейұлы – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі. Ол өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы халыққа насихаттаған. Бұл бағытта Спандияр Көбеев Абай Құнанбаев пен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайық дамытты.

Спандияр Көбеевтің жазушылық өнегесінде Ыбырай Алтынсарин тәрбиесі айрықша сезіледі. Ол да, оның замандасы, ақын және аудармашы Бекет Өтетілеуов те Ыбырай мектебінің түлектері еді. Олар алған білімін жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсаған ұстаздар болды да, осы жолда ағарту ісіне көркем әдебиетті пайдалана білді. Олар өздері шығармалар жазып, орыс және әлем әдебиетінің үлгілерін қазақшаға аударды. Сондай – ақ, Ыбырай үлгісімен оқу құралдарын құрастырып жазды. Мұның бәрі үлкен әдебиетке баратын жол еді. Және ол әдебиеттің ағартушылық бағытын тереңдете